

## Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпан N 202 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 265 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.05.2016 № 265 қаулысымен.**

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын дамытудың қағидатты сипаттағы маңызды мәселелері жөніндегі келісілген көзқарастар мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің лауазымдық құрамы;
- 2) Экономикалық саясат жөніндегі кеңес туралы ереже бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 № 934 қаулысымен .**

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 25 ақпандағы

№ 202 қаулысымен

бекітілген

## Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің лауазымдық құрамы

**Ескерту. Лауазымдық құрамы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 № 934 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,  
төрағаның орынбасары  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы

## Кеңес мүшелері:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі  
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы  
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма  
төрағасы (келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 5 а қ п а н д а ғ ы  
№ 2 0 2 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## Экономикалық саясат жөніндегі кеңес туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.04.2014 № 349 қаулысымен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Экономикалық саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі - ЭСК) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттары, экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ететін стратегияны және оны іске асыру шараларын, тетіктерін айқындау жөніндегі ұсыныстарды қарайды.

2. ЭСК өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Ережені басшылыққа алады.

### 2. ЭСК-тің міндеттері

#### 3. ЭСК-тің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу және іске асыру жөнінде келісілген тәсілдерді әзірлеу;

2) экономиканы және әлеуметтік саланы дамытудың орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған қағидатты маңызды мәселелері, экономикадағы

дағдарысты құбылыстардың туындауын болдырмау немесе олардың ықтимал теріс салдарын жұмсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

### **3. ЭСК-тің функциялары**

4. ЭСК қойылған міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады :

- 1) әлеуметтік-экономикалық дамудың орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;
- 2) ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындаған ел экономикасындағы дағдарысты құбылыстардың туындау ықтималдығын талқылайды және оларды болдырмау бойынша барабар шаралар әзірлейді.

### **4. ЭСК-тің құқықтары**

5. ЭСК-тің заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының неғұрлым өзекті мәселелерін енгізуге;
- 2) қаралатын мәселелер бойынша ұсынымдық сипаттағы тиісті шешімдер қабылдауға ;
- 3) ЭСК құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге де органдардың мамандарын тартуға;
- 4) ЭСК жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### **5. ЭСК-тің жұмысын ұйымдастыру**

6. ЭСК лауазымдық құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі. Бекітілген лауазымдық құрамның негізінде ЭСК-тің дербес құрамы ЭСК-тің хаттамалық шешімімен айқындалады.

7. ЭСК төрағасы оның қызметін басқарады, ЭСК-тің отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды. ЭСК төрағасы болмаған кезде оның функцияларын ЭСК төрағасының орынбасары орындайды.

8. ЭСК хатшысы ЭСК отырысы өткізілгеннен кейін хаттаманы ресімдейді. Хатшы ЭСК мүшесі болып табылмайды.

9. ЭСК-тің мүшелері отырыстарға алмастыру құқығынсыз қатысады.

10. ЭСК отырыстары қажеттілігіне қарай ай сайын, бірақ оның мүшелерінің кемінде жартысы болған кезде кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі.

11. ЭСК-тің жұмыс жоспарын тоқсан сайынғы негізде Қазақстан

Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ ЭСК мүшелерінің ұсыныстары бойынша жұмыс органы қалыптастырады.

ЭСК-тің кезекті отырысының күн тәртібін ЭСК төрағасымен келісім бойынша жұмыс органы қалыптастырады.

12. ЭСК-тің отырысына материалдарды (хаттама жобасына ұсыныстар және ақпараттық-талдамалық материал) мүдделі мемлекеттік және өзге де органдар жұмыс органы айқындаған мерзімде жұмыс органына ұсынады. Материалдар уақтылы ұсынылмаған жағдайда, мәселе ЭСК отырысының күн тәртібінен алынып тасталуы мүмкін.

13. ЭСК отырысының күн тәртібі, хаттаманың жобасы және «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар материалдарды қоспағанда, ЭСК отырысына материалдар оның мүшелеріне және шақырылғандарға электрондық түрде ғана «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильді кеңсесі» ақпараттық жүйесі арқылы және/немесе ресми (қызметтік) электрондық мекенжайларға жіберіледі.

14. ЭСК-тің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға ЭСК мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру ЭСК отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдары мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, ЭСК-тің төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

ЭСК мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген ЭСК-тің есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

ЭСК отырысын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтары негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға және хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, ЭСК-тің хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын ЭСК-тің мүшелеріне келісу үшін жібереді.

ЭСК-тің мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде келісу немесе себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ЭСК-тің жұмыс органы болып табылады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 № 934 қаулысымен.**

16. Дауыс беру парақтарымен қоса, ЭСК материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды жұмыс органы жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 5

а қ п а н д а ғ ы

№

2 0 2

қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Экономикалық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысы.
2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 қарашадағы № 1192 қаулысы.
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 ақпандағы № 170 қаулысы.
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қазандағы № 1585 қаулысы.
5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қазандағы № 1624 қаулысы.
6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы № 1942 қаулысы.
7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қаңтардағы № 16 қаулысы.
8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 мамырдағы № 801 қаулысы.
9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы № 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы № 101 қаулысы.
10. "Экономикалық саясат жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 сәуірдегі № 467 қаулысы (

Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 13, 164-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қыркүйектегі N 1133 қаулысы.

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1559 қаулысы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 ақпандағы N 176 қаулысы.

14. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне байланысты жекелеген мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 704 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 20 , 215 - құ ж а т ) .

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 732 қаулысы.

16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 1083 қаулысы.

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 қазандағы N 983 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қарашадағы N 1163 қаулысы.